КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 қараша іс №7119-24-00-2/14705 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«SALIMA» дара кәсіпкері,
«Әлжан» дара кәсіпкері,
«Талғат» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамының талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«SALIMA» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SALIMA» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Әлжан» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Әлжан» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Талғат» дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қаюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 29.11.2024

Дата вступления в законную силу: 10.01.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 13.01.2025

7119-24-3-1/14270